

*М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі*

**ТАҚЫРЫБЫ:**



*Тұмау (грипп)*



Оқытушы: Моллаева Г.С.

Оқу екторы: Мусавова А.


**Тұмау** немесе грипп  
(лат. *grippus*, фр. *grippe*, ағы  
лш. *influenza* – “бас салу, шап

беру”) – **ТЫНЫС ЖОЛДАРЫНЫҢ**

жұқпалы вирустық ауруы. Аурудың  
қоздырғышы – ортомиксовирустар, олардың үш  
типі: **A, B, C** бар. Өте жұқпалы ауру. Тұмау  
вирусының сыртқы қабыршағының құрамында  
гемагглютицин (оны H әрпімен белгіленеді)  
және нейраминидаза (N әрпімен белгіленеді)  
болады.




- *Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай-ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және т.б. арқылы жұғады.*





- ***A(H1N1) доңыз тұмауы***

- *Доңыз тұмауы немесе мексика тұмауы, болмаса «H1N1 вирусы» болжамға қарағанда доңыз ағзасында түрлі вирустардың қосындысынан пайда болған. Ол адам ағзасына түскен соң адамдар арасына жылдам тарай бастады. Бұл жаңа вирус өте жеңіл, жылдам тарайды және бүкіләлемдік індетті немесе тұмау пандемиясын тудыруы мүмкін.*
- *Доңыз тұмауының белгілері кәдімгі тұмаудың белгілеріне ұқсас. Адамның қызуы көтеріліп, жоғарғы тыныс алу жолдары қабынып, тамағы ауырып, қалтырайды. Сырқат аса күрделі болмаса, сіз бес-жеті күн төсекте жатқаныңызбен, содан соң тағы бір, екі аптаға дейін жақсы болып кете алмайсыз. Егер сізде кәдімгі тұмаудың белгілері болса, сіз доңыз тұмауы белсенді түрде таралып жатқан жерде тұратын болсаңыз, немесе сіз осындай жерден келсеңіз, болмаса сіз доңыз тұмауымен ауырған адаммен кездескен болсаңыз, онда осының барлығы сізде аталған тұмаумен ауырып қалмадым ба деген күдік тудыруы керек.*



- Бұл вирус қалай пайда болды?
- «Доңыз тұмауы» жалпы шошқаларда кездесетін, А типті вирусқа жол ашатын ауру. Бұл ауру тез тарайды. Ауру шошқаларға тигеннен жұғатын тыныс алу науқасы болып табылады. Шошқалар арасында бұл ауру тыныс алу жолдары арқылы, тікелей немесе жанамалы байланыс арқылы жұғады. Тұмау дегенмен, бұл вирус шошқаларда жылдың барлық мезгілінде шыға береді.
- Адамдардағы тұмау вирусы секілді шошқалардағы вирус та әрдайым өзгеріп отырады. Шошқалардың тыныс алу жолдарында шошқа, адам және құс тұмауы вирустарына сезімтал ағзалар болады. Сондықтан шошқалар осы вирустарды бірдей уақытта жұқтырса, жаңа тұмау вирусы пайда болуы да ықтимал. А/Н1N1 вирусы адам, шошқа және құс тұмауы вирустарының араласуынан қалыптасқан. Вирус шошқадан адамға, сондай-ақ адамнан адамға жұғады. Әзірше бұл вирусқа қарсы адамда табиғи иммунитет жоқ. Оның қауіптілігі де осында.








- *A/H1N1* вирусының жалпы клиникалық белгілері маусымдық тұмауларға ұқсас. Адам тұмауға шалдыққанда дене қызуы көтеріліп, қалтырайды, тыныс алу жолдары қабынады. Оның алғашқы белгілері кәдімгі тұмауға, жоғарғы тыныс алу мүшелерінің суықтауына қатты ұқсайтындықтан, вирусты бірден анықтау қиын.



- *Шошқа етін жегеннен тұмау жұқпайды. Вирус тыныс алу жолдары арқылы жұғады. «Доңыз тұмауы» етті 70 градуста пісіргенде өледі. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мағлұматтарына қарағанда, «Доңыз тұмауының» халықаралық таралымы әлі белгісіз. Аурудың Америка Құрама Штаттарында өте жұқпалы деңгейде екені белгілі. Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа (Ұлыбритания, Швеция, Италия), Африка мен Қытай, Жапониядағы шошқаларда бұл қауіптің жоғары екені анықталды.*





*Аталмыш вирусқа қарсы шошқаларға арналған вакцина бар. Алайда адам үшін әлі вакцина табылмады. Маусымдық тұмау вакциналарының «Доңыз тұмауына» қарсы қаншалықты әсер ететіні белгісіз. Себебі тұмау вирустары өте тез өзгереді. Дегенмен мамандар «Доңыз тұмауына» қарсы жақсы әсер ететін вакцина биыл күзде, атап айтқанда қыркүйек-қазанға дейін табылып қалар деп болжайды. Ал Қытай оның емін таптық деп жариялап та үлгерді. Дәрі қазір сынақтан өткізіліп жатыр.*



- *Ресми деректерге қарағанда әлемде «Доңыз тұмауынан» бір мыңнан аса адам қайтыс болған. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы сырқат жұқтырған 177 мың оқиганы бақылауына алып отыр.*
- *Вирусологтар А/Н1N1 вирусы әсіресе қарт адамдар мен жас балаларға, иммундық жүйесі әлсіздер мен денесін май басқан толық адамдарға, екіқабат әйелдерге тез жұғады дейді. Ал жасы 65-тен асқандарда қорғаныштық реакция өте мықты.*



- Емі — [дәрігердің](#) бақылауында болып, оңаша, ауасы таза бөлмеде жатып емделу. Дене қызуын, дене сырқырауын, аспирин, пирамидон және т.б. дәрілер тез басады. Тұмау вирусына [антибиотиктер](#) пайда етпейді. Ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде аузы-мұрнын қолымен немесе орамалмен (шүберекпен) жабуға тиіс. Науқастың тек өзіне арналған ыдысы, орамалы т.б. болуға, олар жиі қайнатылып, жуылуға тиіс.
- Тұмау асқынғанда науқасты [ауруханаға](#) жатқызып, кешенді емдеу шараларын жүргізеді. Арнайы [дәрілер](#) ([оксолин](#), [амантадин](#), [ремантадин](#), [интерферон](#), т.б.), антибиотиктер, қызу басатын, организмнің улануын азайтатын [дәрі-дәрмектер](#) беріледі.

## **Кеңестер:**

- 1. Мүмкіндігінше пандемиялық тұмау оқиғалары тіркелген алыс және таяу шетелдерге баруды шектеу.
- 2. Тыныс жолдары ауруларының клиникалық белгілеріне (қызу көтерілуі, тамағы ауруы, жөтел, мұрын бітуі) назар аудару.
- 3. Ауру белгілері пайда болса, дәрігерлермен кеңесу.
- 4. Бұл жағдайда басқа адамдармен байланыстан аулақ болу.
- 5. Қолды сабынмен немесе спиртпен сүрту.
- 6. Бөлмелерді, әсіресе жалпы пайдаланудағы орындарды желдету.
- 7. Егер Сіз немесе отбасыңыз мүшелерінің бірі сырқаттанса, мектепке дейінге балалар мекемелеріне, мектепке немесе жұмысқа бармау.
- 8. Ауру белгілері пайда болса, біржолғы бетпердені пайдалану.
- 9. Ауру белгілері пайда болса, туыстармен және достармен байланыстарды шектеу.
- 10. Шетелден келгеннен кейін жеті күн бойы шұғыл медициналық көмекке жүгіну үшін көңіл күйіңнің төмендей бастағанын байқататын белгілер мен денсаулық жағдайын бақылау.



Тұмауға нақтылы диагноз қойып, науқасты оқшаулап, ауруханаларда не басқа тиісті мекемелерде карантин жарияланады. Тұмауға қарсы вакцина егіледі, оның ішіндегі ең тиімдісі – тазартылған вириондық вакцина. Алдынала организмді шынықтыратын емдер жасап, спортпен шұғылданған дұрыс.

# Деніміз сау болсын!!!

